

## Орта білімге мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 10 шілдедегі № 107-969 қаулысы. Нұр-Сұлтан қаласының Әділет департаментінде 2019 жылғы 11 шілдеде № 1239 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңы 6-бабы 3-тармағының 7-2) тармақшасы, 62-бабының 4-2, 6-1–тармақтарына, "Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдеріне, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 122 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13418 болып тіркелген, 2016 жылғы 21 мамырда "Егемен Қазақстан", "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған) сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 28.12.2020 № 107-3385 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

1. Орта білімге мемлекеттік білім беру тапсырысы қосымшаға сәйкес бекітілсін.
2. "Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте:
  - 1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
  - 2) осы қаулының көшірмесін мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;
  - 3) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Нұр-Сұлтан қаласының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялау үшін жіберуді;

4) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде аумақтық әділет органына осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары М.Е. Бектұроваға жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Нұр-Сұлтан қаласының әкімі*

*А. Көлгінов*

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің  
2019 жылғы "10" шілдедегі  
№ 107-969 қаулысына  
қосымша

## **Нұр-Сұлтан қаласының мемлекеттік білім беру ұйымдарында орта білімге мемлекеттік білім беру тапсырысы (жан басына шаққандағы қаржыландыру аясында)**

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 28.12.2020 № 107-3385 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**№ 1 кесте**

Р/с №	Сыныптар	Нұр-Сұлтан қаласының мемлекеттік білім беру ұйымдарында 2020 жылға арналған орта білімге мемлекеттік білім беру тапсырысы				
		Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарындағы оқушылар саны	Жылына бір оқушыға жұмсалатын шығыстардың орташа құны (теңге)	Жалпы білім беретін сыныптар	Ерекше білімді қажет ететін балалар үшін инклюзивті оқыту	Орта білім беру ұйымдардағы түзету сыныптары
1.	1-4-сыныптар	83203	209 221	334 719	370 295	899 902
2.	5-9-сыныптар	80059	272 244	460 765	435 161	1 107 772
3.	10-11-сыныптар	14595	318 046	552 369	459 089	1 315 455

**№ 2 кесте**

	Нұр-Сұлтан қаласының мемлекеттік білім беру ұйымдарында 2021 жылға арналған орта білімге мемлекеттік білім беру тапсырысы				
	Мемлекеттік орта білім беру	Жылына бір оқушыға жұмсалатын шығыстардың орташа құны (теңге)			Үйде оқыту
			Ерекше білімді қажет ететін		

Р/с №	Сыныптар	ұйымдарындағы оқушылар саны		Жалпы білім беретін сыныптар		балалар үшін инклюзивті оқыту		Орта білім беру ұйымдардағы түзету сыныптары			
		Коммуналдық мемлекеттік мекеме	Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын	Коммуналдық мемлекеттік мекеме	Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын	Коммуналдық мемлекеттік мекеме	Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын	Коммуналдық мемлекеттік мекеме	Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын	Коммуналдық мемлекеттік мекеме	Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын
1.	1 - 4 - сыныптар	60 317	22 886	343 972	357 099	579 576	592 703	63 6821	649 948	1 631 199	1 631 199
2.	5 - 9 - сыныптар	58 469	21 590	463 560	476 687	818 752	831 879	75 6979	770 106	2 016 257	2 016 257
3.	10-11-сыныптар	10 438	4 157	550 473	563 600	992 578	1 005 705	80 1302	814 429	2 400 696	2 400 969

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК